



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

қалатын сияқтымыз, қазіргі біздің қоғамды түрлі әділетсіздіктер жаулап барады. Әртүрлі әділетсіздіктерді көрген көзі ашық жастарымыздың бойында мейірімділік сезімі қайдан болсын. Біз ертеңгі елдің болашағымыз -сондықтан осындай әділетсіздіктен бойымызды аулақ ұстап, өз Отанымыздың мақтаныштарына айналайық!...

Қазақ халықы еркіндік, бостандықпен қатар әділеттілікті ең жоғарғы құндылық деп бағалаған, оған ерекше мән берген. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» - деп, ұрпағын тәрбиелеген, санасына сіңірген. Қара қылды қақ жарған билер мен небір шешен көсемдер, алыстан толғап, терең ой айтатын небір дана ғұламалар әділеттілікті ұлттық ментальдық болмысының ерекше бір көрінісі ретінде қарастырды. Әділеттілік үшін күресті адамның моральдық қасиеті ретінде қарастырды. Соның арқасында болашақ ұрпаққа ұлағатты сөз, өнегелі іс қалдырған [5].

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған – туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады- дейді Отанымыздың тұңғыш президенти Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Жастар ертеңгі елдің элитасын дұрыс құруымыз керек, батысқа еліктеп қазақи менталитет, мәдениеттен айырылып қалмайық? Онсыз да басқа елдің боданында болып біршама құндылықтарымыздан айырылып, қайта қалпына келтіру ауырлыққа соғуда.

Қолданылған әдебиет

1. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері - Алматы: Рауан, 1994.-175б.
2. Бизақова Ф., Мамашбаева Ш. Отбасы дағдарыс психологиясы. -Астана: Фолиант, 2010.-147б.
3. Есім Ғ. «Ата» эссе.- <http://egemen.kz/2014/04/30/26349>.
4. Елбасының дәрісі- жастарға тәлім. - Ortalyk-kaz.kz.
5. Адаева Г, Бөрібаев Т, Данысбекова Қ., Шамахай С., Кикимбаев М. Макимбаева Ж. Қазақ мәдениетіндегі әйел бейнелері. - Астана, 2014.-194 б.

УДК 008:316.722

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН–ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ КӨРІНІСІ

Жақия Мақпал

makosya 96.10@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің философия кафедрасының Мт-11 студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.С.Ермағанбетова

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған.Осындай аса құнды мәдени иеліктердің бірі –ұлт ойындары.

Қазақтың ұлттық және спорттық ойындарының да өзіндік тарихы, даму жолдары, қалыптасу кезеңдері бар. Қазіргі кейбір тарихи деректерге қарағанда, бізге жеткен ұлт ойындарының біразы сонау көне заманнан басталады. Демек, Қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы қауымдық құрылыс халқымыздың ұлттық ойындарын да туғызған. «Бес тас», «асық», «садақ ату», «қарагие» сияқты ұлт ойындары шамамен алғанда осыдан 5000 жылдар бұрын ойналғандығы жайында айта келіп, ағылшын ғалымы Э.Маккей «...бұл ойындардың барлығы дерлік Азия елдерінде тайпалы одақтардың арасында тарағанға ұқсайды», - дейді [1, 41б].

Ұлт ойындары қоғамның өзгеруі, әлеуметтік – экономикалық жағдай негізінде толығып, тұрмысқа сініп, өзгеріске ұшырап отырған. Мәселен, Қазақстан жеріндегі алғашқы қауымдық құрылыста қалыптасқан «аң аулау», «таяқ жүгірту», «садақ ату», «қақпа тас»,

«қарагие» ойындары келесі дәуірлерде қайталау – толығы процесінде «аң аулау» - «бүркіт салу» немесе «құс салу», «садақ ату» - «жаңбы ату», «қақпа тас» - «бес тас», «қарагие» - «найза лақтыру» болып аттары өзгеріп, мазмұндары сақталып қалды. Басқасын қойғанда, күні бүгінгі бәрімізге әйгілі «ақ сүйек» ойынының бірнеше аттары бар екені анықталды.

Ұлт ойындарының жалпы қалыптасу кезеңі біздің заманымызға дейінгі II-IX ғасырлардағы Қазақстан жеріндегі көшпелі тайпалардың құрылу дәуірі, өйткені ойындардың қай-қайсысы болмасын, қай кезеңде дамымасын, олар тек өндірістік қарым- қатынастың қалыптасуына негізделген. Кезіндегі өндіріс күштерінің құралына пайдалануға икемделген тас, ағаш, сүйек, т.б табиғи заттар осы дәуірдегі қалыптасқан ұлт ойындарына да сол өндіріс құралдарының материалдары қолданылады. Мәселен, күні бүгінге дейін мәнін жоймаған «асық» ойындарына кез—келген сүйек емес жануарлардың асықтарын икемдеді, «бес тас» ойынына кез-келген тастар емес, ұстағанда қолға сиятындай, домалақ тастар, «қарагие» ойынына қолға түскен ағаш емес, тек қайың мен ырғайдың бірі, тіпті табылмағанда талды пайдаланған.

Демек, бұл табиғи заттар өндірістік қарым-қатынастың дамуына қандай әсерін тигізсе ұлт ойындарының қалыптасуында да сондай маңызы болды.

Ұлт ойындарының қалыптасуы тек балаларға ғана керектігімен дамып қойған жоқ, ересектердің күнделікті тіршіліктегі қозғалысы мен көңіл көтеріп, демалыс уақытын өткізудегі қолданылған еңбектің бір түрі ретінде дамыды. Мәселен, әртүрлі қозғалмалы ойындар мен асық ойындары тайпалық одақтарда ересектер арасында дамыды да кейін келе жас өспірімдер де қалды. Себебі үлкендерден көргенің бала да , күн ұзақ далада үй ауласында ермек етеді; түйе құмалағынан қой бағып, қой құмалағынан қозы бағып, бір жерден екінші жерге көшіп-қону мен тағысын тағы сәбилер уақытын өткізеді.

Көшпелі қазақ тайпаларының арасында ұлт мәдениетінің бір саласы ретінде қалыптасқан ұлт ойындары әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзгеруіне байланысты дами берді.

Алғашқы мемлекеттік бірлестік кезінде дамыған халық ойындары жас өспірімдердің бір ортада өмір сүруіне және өз –ара қарым –қатынас жасауға себепкер болғандықтан бұл кезеңдегі қалыптасқан ойындардың көпшілігі түнде, ай жарығында далада, ашық алаңдарда ойнайтын ойындар қалыптасты.

Біздерге белгілі малмен жүрген көшпелі руларда киіз үйден басқа жайдың болмағандығын тек ашық алаңдарда ойнайтын ойындар дами берді. Ақ сүйек, алтыбақан, айгөйлек, арқантартыс, көксияр, соқыртеке, түйе-түйе, белбеу тастау, қасқұлақ, мұнданақ, түйілген шыт, тиын салу, ақ салу, ақбайпақ, ақшамшық, ақсерек-көксерек, бұрыш, көрші, шалма, айдап-салу, қарамырза, қарт-құрт, жылмаң, сиқырлы таяқ, т.б. болды.

Бұл дәуір мәдениет пен өнердің қауырт дамыған кезеңі болғандықтан, кейбір рулардың отырықшылдық кәсіппен айналысуына душар етті. Кейін келе жоғарыда аталған ойындардың кейбіреулері тұрғын үй бөлмелерінде ойналатын болды.

Алғашқы феодалдық қатынас кезіндегі қалыптасқан ұлт ойындарындағы болған кезеңді өзгеріс бірінші рет топқа (командаға) бөлініп ойнайтын ойындар туа бастады. Ондай ойындардың алғашқыларының бірі күні бүгінге дейін сақталған мәнін жоймаған «ақсүйек» ойыны [2, 276].

Ұлт ойындарының келесі бір даму кезеңі XV ғасыр, яғни Қазақстан жерінде алғашқы хандықтардың қалыптасу дәуірі. Бұл қазақ халқының ұлт ойындарының дамуының жаңа бір сатысы болды. Бұл кезеңдегі ойындардың көбіне қоғамдық құрылыстың ерекшелігіне қарай жеке адамның ролі арқа болып, таптық элементтер араласты. Айталық ұлттық ойындар арқылы үстем тап өз мүддесін, өз идеологиясын өткізгісі келсе, халық, еңбекші тап соған қарсы өз дегенін айтуға тырысты. Олардың қоғам құрылысына деген көзқарастарын бейнелейтін элементтер әсіресе асық ойындарында көбірек көрсетілген.

Жалпы қазақ жастары асықты өңдеп, Қазақстан территориясының барлық жерінде дерлік белгілі бір жүйеге келтірілген түрлері тарады. Ондағы істегендері, асықты тас хнасына қайнатып бояп ал хна болмаған жағдайда қарағай қабығына бояп алып отырған.

Одан келе сақаның табаның қайрап алшы түсіру үшін қарсыласына білдірмей, алшысын тесіп қорғасын құйып, қайтадан үстіне сүйек қағып, қайрап қоятын болды.

Бұндай асық ойындарының бірі «хан» немесе «хан жақсы ма» деп аталынады.

Қазақ халқының сонау, көне заманнан бергі негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, мал өсіру, мал басын көбейтуі өндіріс процесінің негізгі мақсаты, сондықтан да, «халықтың бар байлығы малда болды». Қазақ халқының тіршілігінде төрт түлік мал шешуші орын алған. Бүкіл өмірі мал өсірумен өткен қазақ халқының этнографиялық даму ерекшеліктері, той – думан қуанышы мен ренші де осы малмен байланысты болды [3, 166].

Төрт түліктен алынатын өнім қазақ халқының кейсе киімі, жесе тамағы мінсе аяқ артар көлігі тіпті өмір сүруге қажетті заттың барлығы сонда болғандықтан және адамзатқа көрсететін қызығымен сан қилы қасиеттерін өте жоғары дәріптеген, оны «мал-адамның бауыр еті», «мал ашуы-жан ашуы» деген халық мақалдарынан да байқауға болады. Немесе есейе келе тек бір жақты ғана болып кетпей, еңбекке араласудың мәнісін көшпелі халық жас өспірімдерге былай деп дәрептеді: «ойын ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой жайып, көтеген жеген озар». Ретті жерінде айта кетелік, бұл көне мақалаға қарағанда, қазақ халқында асық ойынымен қатар белгілі дәрежеде доп ойындары да болғандығын аңғару қиын емес. Допты олар көбінесе жазғытұрым түлеген сиыр жүнінен жааған болған. Бұл әдіс ауыл арасында бертінге дейін қолданып келді.

Көшпенділер табиғи күш атасы атанған. Малмен жүрген көшпелі халықтың алдымен далада, ашық алаңда, түнде ай жарығында сауық құратын ойындары қалыптасты. Жарыста адам да, оған қатысқан төрт түлік түрлері де сынға түсті. Солардың ішінде бізге мәлімі ақсүйек, алтыбақан, айгөлек, арқантартыс, көксийыр, соқыртеке, түйе-түйе, белбеу тастау, қасқұлақ, монданақ, ақбайпақ, түйілген шыт, тиын салу, ақшамшық, ақсерек-көксерек, көрші, шалма, шымбике, инемді тап, айдапсал, қарамырза, қарт-қарт, жылман т.б., сондай-ақ ат жарысы, түйе жарысы кеңінен таралған. Жарысқа астында көлігі бар, білегінің қарымы мықты адамдардың бәрі де қатыса алған. Өйткені көшпенділердің кішісінен үлкеніне дейінгілер әлгі аталған түрлі ойындардың тәсілдерін шебер меңгере білген. Ойынның түрлері күнделікті тіршілікте, маусымдық жиындарда тартымды орын алды. Ойын адамның жаны мен тәнін сергітті, өз бетінше еңбектенуіне баулыды, топ таңдауды үйретті.

Демек, қазақ халқының бар мақсаты, мал басын арттыру, жүйрік жорғасы, жүлде алған тұлпарын мадақтап қызықтау болатын. Тіпті екі адам кездесіп амандық сұрасудың өзі «мал-жан, қора – қопсы аман ба?» деп басталатын. Амандасқанның өзінде де жан амандығын сұрамай мал-жан амандығын сұрауы, қазақтың малға деген көз қарасынын ерекше бір сезіммен қалыптасуы болды.

Шаруашылық пен еңбек процесі ойынның түрлерін көбейтті, ойынға қойылатын талапты күшейтті. Ойында қолданатын әдістерге арнайы жаттығу керек болды. Ойын заттары мен бұйымдарына деген ұқыптылық жалғасын тапты. Ойынды өткізу туралы келісім жұмыстары жанданды. Ойынды өткізетін арнайы кеңістік алаңдар таңдалды. Біртіндеп атамекеніне және атажұрт салтына деген құрмет көзқарастар қалыптасты. Әр ойынның белбасарлары анықталды, олар көптің құрмет-сыйына бөленді. Ойын өнердің түріне, топты ұйымдастыру тетігіне айналды. Содан ойын өнері ұлттық әдеп-ғұрыптың қалыптасуына, сақталуына үлкен ұйытқы болды, ықпал етті.

Дала ойындары ашық та, икемді. Талаптарына шартты түрде келісуге болады. Ойын тәртібін ойыншылардың өздері де, көрермен де бағалауға бірдей мүмкіндік алды. Ойынға төрешілік халықтық сипатта жүргізілді. Үлкендер, ел ақсақалдары баталарын беріп, ойынның басталуына рұқсат берді немесе жеңгендерге табыс пен шапағат тіледі. Халықтық ойындар біртіндеп дәстүр мен еңбек мерекесіне айналды, әдет-ғұрып негізінде тамыр жайды, жасөспірімдердің қозғалмалы ойындары ретінде өріс алды.

Ұлт ойындары сол халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамығанына қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныса отырып көзіміз әбден жетеді. Өйткені қазақ халқының ұлттық ойындары өте ертеде туып, оның көші-қоны тұрмыс жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер береді. Олай дейтініміз осы ойындардың

көпшілігі сол көшпелі тұрмысқа лайықталып, арнайы материалдық әзірліксіз айнала беретіндігі ғана емес сонымен бірге халықтың психологиялық ерекшеліктеріне де байланыстылығында екендігіне көзіміз жетеді.

Аң аулауда және табиғаттың апатымен күресуде көп тәжірибе ала бастады. Адамзат сол кезде- ақ өз өмірін ойын-сауықпен сауықтырған. Мысалы, «Қараш», «Жамбы ату», ойындары, міне, осы ойындар аң аулауға жаттығу түрінде қолданылған. Қазақстан жерінде алғашқы қауымдаштық құрылыста дамыған ойындар: «аң аулау- бүркіт салу» «таяқ жүгірту», «садақ ату- жамбы ату», «қақпақтас- бестас», «қараш- найза лақтыру» болып, мазмұндары сақталып қалды.

Қазақ халқының тарихи көне жырларының эпостары мен лиро-эпостарының қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың өн бойынан халықтың ұлттық ойындарының, әдет-ғұрып салттарының алуан түрлерін кездестіреміз. Ол-ол ма, омсы жырлардың кейіпкерлері- болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткерлері, ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ойынға халық ерекше мән берген. Сондықтан халық оған тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қана қарамаған. Ең бастысы - ол қорғауға қабілетті болашақ қайраткер, өзінің осы қабілетін шаршы топтың алдында, баршаға тең (досқа да, дұшпанға да еркін бәсекеде жеңіп алуға тиіс болған. Сондай-ақ талапты жас ойын өнеріне өзінен жасы үлкен, танымал ұстаздан үйреніп, жаттығатыны аянбай тер төгетінін байқаймыз.

Ұлт ойындары осылайша атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі көрінісі де болған. Әрине, ойын өнері ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, астасып келіп, бірін-бірі толықтырып байыта түседі.

Өзінің өлең-жырларында халық ойынды тәрбие құралы деп танып, оның бойындағы жастарды ойландырып, толғандыратын қасиеттерін аша түседі. Ойын тек жас адамның дене күш- қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке, т.б. ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді.

Абайлап зер салып қарасақ тілімізде кездесетін кейбір сөз тіркестері: «домбыра ойнау», «қобыз ойнау», «ат құлағында ойнау», «отпен ойнау», «сумен ойнау», «жұмбақ ойнау», «жаңылтпаш ойнау», «ойын-күлкі», «ойын баласы», «доп ойнау», «асық ойнау», «ақсүйек ойнау», «тоғыз құмалақ ойнау», «дойбы ойнау», «шатыраш ойнау», т.б сөзтіркестері халықтың көне мәдениетінің бір куәгері ойын туралы түсініктің туу тарихы тым ертеден басталғанынан және ата-бабаларымыздан қолданған ойындар түрінің сан алуан болғандығынан хабар береді [4, 19-20 б.б.].

Қазақтың ойын-сауығы достық пен қонақжайлықтың белгісі және көптің басын біріктірудің кепілдігі, сүйкімді әнші мен әңгімешілерге мұқтаждықтың айғағы. Ойын-сауықта жалғыздық сезім, арам ниет адамды билей алмады, ойыншы үнемі ізденісте болады. Ондағы құдірет -өнерпаздық, өзара түсіністік және келісімге жол табу. Адамзат қашанда болмасын осы үш құдіретке тәнті болған, сол құндылыққа жетудің мүмкіндігін арнайы және үнемі іздестірумен әуреленген.

Қазақтың әдет-ғұрып ойындары халықтың бастан кешкен қилы-қилы оқиғаларын бейнелеп, баяндап береді. Оған Наурыз мерекесіндегі ойын-сауық түрлері дәлел болмақ. Наурыз — күн мен түн теңелген, “ұлыстың ұлы күні”, шығыстағы көптеген көне халықтардың дәстүрінде жаңа жыл күні. Наурыз - наурыз ойын-сауық, спорт пен өнер тоғысқан халықтық мерекенің думанды салты. Наурыз үлкен мен кішінің, еркек пен әйелдің, ақын мен бишінің, ауылдағы мен қаладағылардың спорт пен өнер саласындағы ашық жарысы. Жарыста күштілердің күштісі, жүйріктердің жүйрігі “жүгіріп озады, қуып жетеді”, білектесіп жеңеді, сол өнерімен ел құрметіне бөленеді. Наурыз. бұдан әрі Құрбан айт, ораза айт, шілдеhana, бесік той, сүндет той, қыз ұзату, келін түсіру, баланы атқа мінгізу, өлең той боп жалғасып кете береді. Мұндай тойлардың бәрі ойын-сауықпен айшықталады. Кейбір мерекелер мен тойлар күн ілгері жарияланғандықтан, оған қатысушылар ойындарға әзірленіп келеді. Ойын-сауықтардың өте көп тараған түрлері әдеби-көркемөнерлік түр: ән айту, билеу,

айтыс, дастан-қиссалар толғау, күй шерту [4, 33-34б.б.].

Қазақтың ұлттық ойындары ақындардың өлеңдерінде, халықтың аңыздары мен ертегілерінен де кең орын алған. Мысалы, қазақ халқының қоғамдық өмірі мен мәдениеті, тұрмысы Абай шығармашылығында барлық жағынан қамытылған. Әрі онда спорттың халықтық түрлеріне, ойындар мен сауықтарға үлкен орын берілген. Ол өмір сүрген дәуірде ұлттық ойындар ел өмірінде ерекше маңызға ие болды. Қандайда болсын оқиғаларда (той) ірі жарыстар өткізіліп, атақты палуандарды, шабандоздар мен мергендерді көргісі келген.

Тарихының көнелігіне қарамастан ойын үнемі жаңа, ол тот баспайтын, ескірмейтін нәрсе. Өйткені, күн сайын дүниеге келіп жататын сәбилердің қиялын қозғап, сезімдерін аялайтын, денеге қуат, жанға саулық беріп, рухани азық болатын да – осы ойын.

Сонымен түйіндеп айтарымыз, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде.

Қолданылған әдебиет

1. Б.Төтенаев. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы:Қайнар, 1994. – 144 бет.
2. Е.Сағындықов. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану. – Алматы, «Рауан» баспасы, 1993. - 75 бет.
3. Қ.Ысқақ . Ханталапай. Қазақ балаларының ұлттық асық ойыны. - Алматы, «Айқап» баспасы 1993 - 96 бет.
4. С.Қалиев Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Алматы, 1994. – 158 бет.

УДК 659.1:316.346.2-055.2

ЖАРНАМАДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кикимбаев Мейрам Жумабекович

m.kikimbaev@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
философия магистрі, философия кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Қазақ әйелі бейнесі өткен замандарда алуан түрлі сипаттарда болды. Әр дәуірде тарихи және мәдени дамуына сәйкес оның бейнелеріне мифологиялық, діни, философиялық және әдеби түсініктемелер берілді. Соның нәтижесінде әйел бейнесі аңыз, эпос, фольклор, көркем әдебиет және өнер туындыларының кеңістіктерінде рәміздік түрде көрініс тапты.

Қазіргі кезге келетін болсақ, ұлттық мәдениеттердің барлығы жаһандану үдерісі мен оның «перзенті» саналатын бұқаралық мәдениеттің ықпалын толыққанды сезінуде. Дәстүрлі құндылықтар мен көне дәуірлерден ұрпақтан ұрпаққа мұралық жолмен сабақтасып келе жатқан рәміздік бейнелер түбегейлі өзгерістерге ұшырауда, яғни соның ішінде қазіргі мәдениеттегі қазақ әйелі бейнесінің өзгеруі де күмәнсіз. Сонымен бірге дәстүрлі санадағы ғасырлар бойы қалыптасқан бейнелердің трансформациясымен қатар, қазіргі мәдениеттегі қазақ әйелінің орны мен атқарып жатқан әлеуметтік әрекеттері жаңа бейнелердің қалыптасуына әкелді. Сондықтан болар соңғы жылдары әлеуметтік-саяси саласының мәселесінен әйел жағдайы мен оның бейнелері ғылымда зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыпқа айналды, әсіресе, әлеуметтанушылардың, философтардың және антропологтардың ерекше зерттеу нысаны болып табылады.

Жалпы қазақ әйелі бейнесінің зерттелу деңгейіне шолу жасасақ, оның аңыз, дін, эпос, ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттегі бейнесі қазақстандық ғылымда толыққанды зерттелген деп айтуға болады. Дәстүрлі мәдениетіміздегі әйелдің архетиптік бейнелері өз бастауын мифологиядан және діннен алып, қазақ әйелі мен қазақ қызының әр қырлы образдары фольклорлық және әдеби мұрамызда дараланған түрде көрініс тапты (Қарашаш, Жібек, Баян, Зере, Тоғжан, Ботакөз, Жамал, Ақбілек, Ұлпан, Мәншүк, Әлия және т.б.). Бірақ бұқаралық